

**"Мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1036 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 954 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 954 қаулысымен.**

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі!

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 30, 392-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесінде:

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) веб-камерасы бар ноутбук;"

4) тармақша алып тасталсын;

3-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тифлотаяқтар;"

2) тармақша алып тасталсын;

4) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) сөйлеу синтезі бар экрандық қол жеткізу бағдарламасымен қамтамасыз етілген ноутбук;"

"8) дыбыспен хабар беретін және диктофоны бар ұтқыр телефондар;"

2. Осы қаулы 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК